

Жаназарова Загира Кожабаевнаның «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесін жаңғырту, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру және олардың кәсіби-коммуникативтік әлеуетін дамыту мәселелері ерекше өзектілікке ие. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ғылыми және практикалық сұранысқа ие өзекті мәселені шешуге бағытталған.

Зерттеу барысында метакоммуникативтік құзыреттіліктің ғылыми мәні нақтыланып, оның құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктері айқындалған. Автор экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған интеграцияланған профконцептті ұсынып, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін әзірлеген.

Диссертацияның ғылыми құндылығы ұсынылған теориялық тұжырымдармен ғана емес, оларды тәжірибеге енгізуге бағытталған нақты әдістемелік шешімдермен де ерекшеленеді. Автор экономикаға бағдарланған кәсіби білім беру мазмұнын шеттілдік даярлықпен ықпалдастыра отырып, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған арнайы жаттығулар жүйесін әзірлеген. Жаттығулардың мазмұны кәсіби терминологияны меңгеруге, экономикалық мәтіндерді талдауға, дискурстық дағдыларды дамытуға және жобалық тапсырмаларды орындауға бағытталған.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – кәсіби-экономикалық тезаурусты қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің жасалуы. Атап айтқанда, автор әзірлеген тезаурустық сөздік пен оқу құралы болашақ мұғалімдердің кәсіби лексиканы жүйелі меңгеруіне, ұғымдық аппаратты қалыптастыруына және кәсіби коммуникацияны тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, оның жоғары оқу орындарының білім беру тәжірибесінде қолдануға жарамдылығын көрсетті. Зерттеу қорытындылары болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау жүйесін жетілдіруге, кәсіби-коммуникативтік даярлықтың сапасын арттыруға және экономикаға бағдарланған білім беру ортасында тиімді педагогикалық қызметті жүзеге асыруға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмысты жан-жақты талдау негізінде, Жаназарова Загира Кожабаевнаның зерттеуі аяқталған ғылыми еңбек ретінде бағаланады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің
«Шетел тілдерінің тәжірибесі және практикасы»
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
филология ғылымдарының
қауымдастырылған профессоры



Жусупова Роза Флоровна